

**ХАБАРЛАМАЛАР / ОБЪЯВЛЕНИЯ**

**Сіздерді жаңа бизнес идеяларыңызды жүзеге асыруға арналған қайтарымсыз мемлекеттік грант алуға шақырамыз!**

Мемлекеттік грант – бұл жаңа бизнесті бастау және дамыту үшін берілетін қайтарымсыз қаржылай қолдау. Оның мөлшері 400 еселенген айлық есептік көрсеткішті құрайды. Бұл қаражат өз ісін бастағысы келетін азаматтарға үлкен мүмкіндік беріп, кәсіпкерлік әлеуетін жүзеге асыруға, өндірісті жолға қоюға және тұрақты табыс табуға жол ашады. Грант қаражаты қажетті құрал-жабдықтарды, технологиялық жабдықтарды, еңбек құралдарын, мал мен құс, көшет, тұқым сатып алуға бағытталады. Айта кету керек, грант қаражаты тұтынушылық мақсаттарға, несие өтеуге, тұрғын үй немесе жер сатып алуға пайдаланылмайды. Грант алуға 3 жылға дейінгі тіркелген жеке кәсіпкерлер, жұмыссыз жүрген азаматтар бизнес идеяларын ұсынып, өтінім қалдыра алады. Сондай-ақ мүгедектігі бар азаматтар, қандастар, көп балалы отбасылар, атаулы әлеуметтік көмек алушылар, мүгедек баланы тәрбиелеуші жәрдемақы алатын адамдар (жұбайы, зайыбы), асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша әлеуметтік жәрдемақы алушылар, өңіраралық қоныс аударушылар үміткер бола алады. Сонымен қатар, «Бастау Бизнес» жобасы бойынша оқудан өткендігі туралы сертификаттың болуы міндетті. Грант алу бірнеше кезеңнен тұрады. Алдымен business.enbek.kz порталында тіркеліп, мәртебеңізді тексеру қажет. Одан кейін бизнес-жоспар әзірлеп, онлайн өтініш бересіз. Өтініш мақұлданған жағдайда, комиссия алдында өз жобаңызды қорғап, оң шешім шықса, банктік деректемелеріңізді ұсынып, электронды шартқа қол қоясыз. Осыдан кейін грант қаражаты сіздің есепшотыңызға аударылады. Грант алғаннан кейін қаражатты мақсатты пайдалану маңызды. Бір жыл ішінде тоқсан сайын есеп тапсырып отыру қажет. Бұл – сіздің жобаңызды сәтті жүзеге асырудың және мемлекеттік қолдауды тиімді пайдаланудың кепілі. Өз кәсібіңізді бастағыңыз келе ме? Ендеше, мүмкіндікті жіберіп алмаңыз! Мансап орталығына жүгініп, мемлекеттік грантқа өтініш беріңіз және өз бизнесіңізді бүгіннен бастаңыз!

«Кербұлақ ауданының мансап орталығы» филиалы.

**АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА**

**«БЖЗҚ» АҚ-да «Ашық есік күні»:**  
**БЖЗҚ жаңа инвестициялық порталын ұсынады**  
**2026 жылғы 28 сәуірде БЖЗҚ барлық ниет танытушыларды "Ашық есік күні" дәстүрлі онлайн-кездесуіне шақырады. Онда Қор мамандары invest.enpf.kz жаңа инвестициялық порталы және оның салымшылар үшін ашатын мүмкіндіктері туралы алғаш рет егжей-тегжейлі айтып береді.**

Зейнетақы жинақтары – бұл болашаққа арналған қаражат қана емес, сонымен бірге тиімді басқаруға болатын қаржы ресурсы. БЖЗҚ салымшыларының міндетті және міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын 50%-ға дейін және ерікті зейнетақы жарналарын есебінен қалптастырылған жинақтарын 100%-ға дейін инвестициялық портфельді басқарушыға (ИПБ) бере отырып, оның кірістілігіне ықпал ету мүмкіндігі бар. ИПБ зейнетақы қаражатын табыс алу мақсатында инвестициялық декларацияда кезделген акцияларға, облигацияларға, валюталарға және басқа да қаржы құралдарына инвестициялайды. Бұл үдерістерді барынша түсінікті ету үшін жаңа инвестициялық портал іске қосылды. Портал салымшыларға инвестициялық қызмет туралы білімін арттырып, зейнетақы жинақтарын басқару үшін саналы шешімдер қабылдауға көмектеседі. Кездесу барысында сіз келесі мәліметтермен таныса аласыз:

- платформа қалай жұмыс істейді;
- зейнетақы активтерін инвестициялау жүйесінің құрылымы қандай;
- инвестициялық көрсеткіштерді қалай талдап, стратегияларды қалай салыстыруға болады;
- басқарушыны таңдағанда неге назар аудару керек;
- өз мүмкіндіктеріңізді саралау үшін invest.enpf.kz порталын қалай пайдалануға болады;
- салымшылардың болашақ зейнетақыға әсер ету үшін қандай нақты құралдары бар.

Қазақ және орыс тілдеріндегі бірыңғай цифрлық кеңістікте пайдаланушыларға инвестициялар тақырыбындағы базалық ұғымдар мен түсіндірмелер, инвестициялық портфельдерді сенімгерлікпен басқарушылар туралы түйінді ақпарат, зейнетақы активтерін орналастыру құрылымы, инвестициялау стратегиялары (критерийлері), қаржылық көрсеткіштер және салымшыларға сенімгерлік басқарушының және оның инвестициялық қызметінің портретін жасауға мүмкіндік беретін өзге де мәліметтер қолжетімді. Портал қолданушылары кірістерді,

портфельдердің құрылымын және ИПБ мен ҚРҰБ басқару нәтижелерін қолжетімді форматта дербес салыстырып, көрсеткіштердің динамикасын қадағалап, осылайша зейнетақы активтерін инвестициялау тетіктерін тереңірек түсіне алады. Мұндай құрал инвестициялау туралы құнды тәжірибе жинап, неғұрлым тиімді инвестициялық стратегияны таңдауға қатыса алатын және сәйкесінше зейнетақы жинақтарын басқаруға әсер ететін жас салымшылар үшін ерекше маңызды. Іс-шара интерактивті форматта өтеді, қатысушылар қызықтырған сұрақтарын қойып, Қор мамандарынан түсініктемелер, сондай-ақ жеке консультациялар ала алады. Бұл формат әлемнің кез келген нүктесінен қосылуға және сарапшылардан тікелей өзекті ақпарат алуға мүмкіндік береді. Атап өткен жөн, «БЖЗҚ» АҚ-ның (БЖЗҚ, Қор) отандастарымыздың қаржылық-құқықтық сауатын арттыруға көп көңіл бөлетіні белгілі. 2025 жылы Қор филиалдарының мамандары республика бойынша 800 мыңға тарта адам қатысқан шалғайдағы елді мекендердегі кәсіпорындар мен ұйымдарда 38 мыңнан астам таныстырылым өткізді. Республика бойынша түрлі кері байланыс арналары арқылы түскен 400 мыңдай өтініш өңделді. Алдағы "Ашық есік күні" осы жұмыстың жалғасы болып табылады және оның қатысушыларына зейнетақы жинақтарын түсініп, оларды басқару үшін практикалық құралдарды ұсынады. Бұл шара салымшыларға да, Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесі туралы хабар таратып жүрген журналистер қауымына да пайдалы болады деп үміттенеміз. Іс-шараға қатысу үшін тіркелу керек. Сілтеме бойынша өтуіңізді суарыңыз (https://enpf.webex.com/enpf/j.php?MTID=me775fdde9bbb319dede79dbcd50e689). Event-мәжіліс нөмірі: (251 979 4698) Event-мәжіліс құпиясөзі: (0000)

Кербұлақ ауданының әкімдігі және «ЭнергоБилдСервис» ЖШС, «Талдықорған орман шаруашылығы» КММ орман қорының жерлерін, Жетісу облысының Кербұлақ ауданындағы Рудничный ГЭС-1, ГЭС-2 салу үшін, ауданы 5,64 га жерді, орман шаруашылығын жүргізумен байланысты емес басқа санаттағы жерлерге ауыстыру тақырыбында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды. Қосымша мәліметтер алу үшін: Тел: +77770737777 E-mail: office.Manager@energybridge.kz Байланысатын тұлға: Карабалин А.А. Жергілікті атқарушы органның атауы: Кербұлақ ауданы әкімдігінің ауыл шаруашылығы және жер қатынастары бөлімі. Тел: 8 (72840) 40-6-03 E-mail: Kerbulak\_obshiy@mail.ru Тапсырыс берушінің атауы: «ЭнергоБилдСервис» ЖШС. «Қоғамдық тыңдауларды өткізу қағидаларының» 4-тарауы 43-тармағының 1) тармақшасына сәйкес материалдар 2026 жылы 05 мамырдан 20 жұмыс күні ішінде https://ndbecology.gov.kz/ порталында қолжетімді болады.

Акимат Кербулакского района и ТОО «ЭнергоБилдСервис» извещают о проведении общественных слушаний на тему: «Перевод земель лесного фонда КГУ «Талдықорғанское лесное хозяйство» в земли других категорий, не связанных с ведением лесного хозяйства, для строительства Рудничных ГЭС-1, ГЭС-2 в Кербулакском районе области Жетісу, площадью 5,64 га». Для получения дополнительной информации: Тел: +77770737777 E-mail: office.Manager@energybridge.kz Контактное лицо: Карабалин А.А. Наименование местного исполнительного органа: Отдел сельского хозяйства и земельных отношений акимата Кербулакского района. Тел: 8 (72840) 40-6-03 E-mail: Kerbulak\_obshiy@mail.ru Наименование заказчика: ТОО «ЭнергоБилдСервис». Согласно Правилам проведения общественных слушаний (глава 4, пункт 43, подпункт 1) материалы будут доступны с 05 мая 2026 года в течение 20 рабочих дней на портале https://ndbecology.gov.kz/

Уважаемые участники ТОО «Кредитное товарищество Куренбел», а также заемщики, имеющие действующие задолженности! Приглашаем вас на общее собрание, которое состоится 29 апреля 2026 года в 11.00.. На собрании будут рассмотрены следующие вопросы: - обсуждение текущих задолженностей; - план мероприятий по их урегулированию; - индивидуальные разбирательства по задолженностям. Место проведения: с. Сарыозек, ул. Луганская, 27/2 Просим обязательного присутствия всех участников и заемщиков. По дополнительному вопросу обращаться: Председатель правления ТОО «КТ Куренбел» - Молдахметов Ержан Шаматович, Тел.8 702 711 73 85

**ХАБАРЛАМА**

2026 жылы 23 наурызда қайтыс болған азаматша **КИЗАЙБЕКОВ ДЖАМБУЛБЕК ЖУНИСХАНУЛЫНЫҢ** мұрагерлері іздәлуде. Мұрагерлерден мұрадан бас тарту немесе қабылдау туралы арыздарды 23 қыркүйек 2026 жылға дейін Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, Б. Момышұлы көшесі, 1/4 мекен жайда орналасқан нотариус Атабаева Ж.К. қабылдайды. Анықтама телефоны : 87025648098

2025 жылы 08 қарашада қайтыс болған азаматша **АЛТАЕВА РАХИЛАНЫҢ** мұрагерлері іздәлуде. Мұрагерлерден мұрадан бас тарту немесе қабылдау туралы арыздарды 08 мамыр 2026 жылға дейін Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, Б. Момышұлы көшесі, 1/4 мекен жайда орналасқан нотариус Атабаева Ж.К. қабылдайды. Анықтама телефоны : 87025648098

2026 жылы 12 сәуірде қайтыс болған азаматша **КЕНЖЕБЕКОВ АСХАТ КАЙРАТОВИЧТИҢ** мұрагерлері іздәлуде. Мұрагерлерден мұрадан бас тарту немесе қабылдау туралы арыздарды 12 қазан 2026 жылға дейін Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, Б. Момышұлы көшесі, 1/4 мекен жайда орналасқан нотариус Атабаева Ж.К. қабылдайды. Анықтама телефоны : 87025648098

2026 жылы 11 ақпанда қайтыс болған азаматша **АМАНОВ ШЫНАСЫЛДЫҢ** мұрагерлері іздәлуде. Мұрагерлерден мұрадан бас тарту немесе қабылдау туралы арыздарды 11 тамыз 2026 жылға дейін Жетісу облысы, Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, Б. Момышұлы көшесі, 1/4 мекен жайда орналасқан нотариус Атабаева Ж.К. қабылдайды. Анықтама телефоны : 87025648098

<p><b>ҚҰРЫЛТАЙШЫ ЖӘНЕ МЕНШІК ИЕСІ:</b> Оналбаева Ләйлә Ескендірқызы</p> <p><b>УЧРЕДИТЕЛЬ И СОБСТВЕННИК:</b> Оналбаева Ляйля Ескендировна</p> <p><b>Директор - бас редактор:</b> <b>Ләйлә ОҢАЛБАЕВА</b></p> <p><b>Тел: 8 (72840) 44-0-40</b></p>	<p>Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігі Ақпарат комитетінде 2021 жылдың 26 қарашасында №КЗ01VPY00043273 тіркелген.</p> <p>Газета зарегистрирована в Министерство информации и общественного развития Республика Казахстан Комитет информации за №КЗ01VPY00043273 от 26 ноября 2021года</p> <p><b>Жарнама мен хабарландырудың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.</b> За достоверность рекламы и объявлений ответственность несёт рекламодатель</p> <p>Авторлардың пікірлері редакцияның көзқарасын білдірмейді. Мақалалар өңделеді, авторларға қайтарылмайды. Мнение автора материала не всегда совпадает с мнением редакции. Материалы обрабатываются, не возвращаются авторам</p> <p><b>Кезекші редактор</b> <b>Дежурный редактор</b> <b>Д. Дүйсенбаева</b></p>	<p>Газет «Кербұлақ жұлдызы» газетінің редакциясында теріліп, беттеліп, Талдықорған қаласындағы «Алматы-Болашақ» АҚ филиалы «Офсет» баспаханасында басылады.</p> <p>Мекен-жайы: Талдықорған қ-сы, Қабанбай батыр к-сі, 32.</p> <p>Газета печатается, обрабатывается в редакции газеты КЖ, отпечатано в типографии «Офсет» филиала АО «Алматы-Болашақ», г. Талдықорған, ул. Кабанбай батыра, 32.</p> <p>Газет аптасына бір рет қазақ және орыс тілінде шығады. Газета выходит один раз в неделю на казахском и русском языках</p> <p>Мекен - жайымыз: Кербұлақ ауданы, Сарыөзек ауылы, Вожакин к-сі, 2. Телефон/факс: 8 (72840) 44-0-39 Электронды пошта: redakcia_kz@mail.ru Интернет-редакция: kerbulaq.kz</p>	<p>Оффсеттік басылым көлемі 1 баспа табақ. Осы шығарылымның таралымы 1660. Тапсырыс № 369. Газеттің жазылу индексі: Жеке тұлға үшін: 65761. Занды тұлға үшін: 1576.</p> <p>Объем издания 1 печатная пластина. Тираж данного выпуска составляет 1660. Заказ № 369. Индекс подписки на газету: Для физических лиц 65761. Для юридических лиц 15761.</p> <p>Адрес: Кербулакский район, село Сарыозек, ул. Вожакина 2. Телефон/факс: 8 (72840) 44-0-39. Электронды пошта: redakcia_kz@mail.ru. Интернет-редакция: kerbulaq.kz</p>
---	---	--	---